



**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 мамырдағы N 865 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 1040 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 мамырдағы N 865 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы  
7 мамырдағы N 865 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы      Е Т Е М І Н :**

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медальдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 мамырдағы N 865 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 14, 136-құжат; 2004 ж., N 26, 331-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) I, II, III дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" 7) "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін".";

2) 2-тармақ "3-2" деген цифрлардан кейін ", 3-3, 3-4" деген цифрлармен толықтырылсын ;

3) 3-тармақ "6-2" деген цифрлардан кейін ", 6-3, 6-4" деген цифрлармен толықтырылсын ;

4) осы Жарлыққа 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес редакцияда 3-3, 3-4, 6-3, 6-4-қосымшалармен толықтырылсын .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

П р е з и д е н т і н і ң

Р е с п у б л и к а с ы

2006 жылғы " \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

№ \_ \_ \_ Ж а р л ы ғ ы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2002 жылғы 7 мамырдағы

№ 865 Ж а р л ы ғ ы н а

3-3-қосымша

## **I, II, III дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалінің сипаттамасы**

I дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі жезден жасалады және сегізбұрышты жұлдыз пішінінде болады. Медальдің қарама-қарсы жатқан жұлдыз ұштарының арасындағы көлемі - 36 мм.

Медальдің алдыңғы бетінде жұлдыз сәулелерінде Қарулы Күштердің негізгі әскер тектерінің эмблемалары бар қалқандар орналасқан. Медальдің ортасында - сарбаздың, матростың және ұшқыштың бедерлі бейнесі, жоғары жағында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және алтын түстес шарықтай ұшқан бүркіт, төменірек емен мен лавр бұтақтарының өрімінде қызыл түсті "1" деген рим цифры орналасқан, барлығы айналдыра "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" деген бедерлі жазуы бар шеңбермен көмкерілген.

Медальдің сыртқы жағының ортасында шеңбермен көмкерілген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу орналасқан. Медальдағы барлық бейнелер, жазулар дөңестеу түрде орындалған.

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен муар лентамен қапталған ені 32 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш пішіндес тағанға жалғанады. Лентаның шеттерінде ені 8 мм көгілдір түсті жолақтар орналасады, лентаның ортасында ені 7 мм сары түсті екі жолақ, олардың арасында ені 2 мм көк түсті жолақ орналасады. Тағанның жоғары бөлігінде муар лентаның үстіне биіктігі 5 мм сары түсті металл планка бекітіледі.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге бекітіледі.

II дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі мельхиордан жасалады және сегіз бұрышты жұлдыз пішінінде болады. Медальдің қарама-қарсы жатқан жұлдыз ұштарының арасындағы көлемі - 36 мм.

Медальдің алдыңғы бетінде жұлдыз сәулелерінде Қарулы Күштердің негізгі әскер тектерінің эмблемалары бар қалқандар орналасқан. Медальдің ортасында - сарбаздың, матростың және ұшқыштың бедерлі бейнесі, жоғары жағында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және алтын түстес шарықтай ұшқан бүркіт, төменірек емен мен лавр

бұтақтарының өрімінде қызыл түсті "II" деген рим цифры орналасқан, барлығы айналдыра "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" деген бедерлі жазуы бар шеңбермен көмкерілген.

Медальдің сыртқы жағының ортасында шеңбермен көмкерілген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу орналасқан. Медальдағы барлық бейнелер, жазулар дөңестеу түрде орындалған.

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен муар лентамен қапталған ені 32 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш пішіндес тағанға жалғанады. Лентаның шеттерінде ендері 8 мм көгілдір түсті жолақтар, лентаның ортасында ендері 2 мм екі көк түсті жолақ, шеткілерінің ендері 5 мм, ортасындағынікі 2 мм үш сары түсті жолақ кезек орналасады. Тағанның жоғары бөлігінде муар лентаның үстіңгі жағына биіктігі 5 мм күміс түстес металл планка бекітіледі.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге бекітіледі.

III дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі мельхиордан жасалады және сегіз бұрышты жұлдыз пішіндес болады. Медальдің карама-қарсы жатқан жұлдыз ұштарының арасындағы көлемі 36 мм.

Медальдің алдыңғы бетінде жұлдыз сәулелерінде Қарулы Күштердің негізгі әскер тектерінің эмблемалары бар қалқандар орналасқан. Медальдің ортасында - сарбаздың, матростың және ұшқыштың бедерлі бейнесі, жоғары жағында қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз және алтын түстес шарықтай ұшқан бүркіт, төменірек емен мен лавр бұтақтарының өрімінде қызыл түсті "III" деген рим цифры орналасқан, барлығы айналдыра "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" деген бедерлі жазуы бар шеңбермен көмкерілген.

Медальдің сыртқы жағының ортасында шеңбермен көмкерілген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу орналасқан. Медальдағы барлық бейнелер, жазулар дөңестеу түрде орындалған.

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен муар лентамен қапталған ені 32 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш пішіндес тағанға жалғанады. Лентаның шеттерінде ендері 8 мм көгілдір түсті жолақтар, лентаның ортасында ендері 2 мм үш көк түсті жолақ, шеткілерінің ендері 3 мм, ортасындағы 2 мм төрт сары түсті жолақ кезек орналасады.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

" \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

№ \_ \_ \_

Ж а р л ы ғ ы н а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      7                      м а м ы р д а ғ ы  
N                      8 6 5                      Ж а р л ы ғ ы н а  
3-4-қосымша

**"Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалінің сипаттамасы**

"Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалі мельхиордан жасалады және ені 34 мм дөңес дұрыс сегіз бұрыш пішіндес б о л а д ы .

Медальдің алдыңғы бетінде орталық бөлігінде "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" деген айнала жазуы бар тістегершік бейнесі орналасқан. Тістегершіктің ортасында Қарулы Күштер жарактандырылған әскери техниканың - ұшақтың, танктің және кемеңің айшықталған бейнесі бар сары түсті бес б ұ р ы ш т ы                      ж ұ л д ы з                      о р н а л а с қ а н .

Медальдің сыртқы жағының ортасында шеңбермен көмкерілген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу орналасқан. Медальдағы барлық бейнелер,                      ж а з у л а р                      д ө н е с т е у                      т ү р д е                      о р ы н д а л ғ а н .

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен муар лентамен қапталған ені 32 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш пішіндес тағанға жалғанады. Лентаның шеттерінде ені 8 мм көгілдір жолақтар, лентаның ортасында ені 6 мм екі сұр түсті жолақ, олардың арасында ені 4 мм қара түсті жолақ орналасады.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 6                      ж ы л ғ ы                      " \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_  
N \_ \_ \_                      Ж а р л ы ғ ы н а  
3-қосымша

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      7                      м а м ы р д а ғ ы  
N                      8 6 5                      Ж а р л ы ғ ы н а  
6-3-қосымша

**"Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалімен марапаттау ережесі**

1. "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің                      Жарлығымен                      тағайындалады.

2. "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі үш дәрежеден тұрады:

I дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі;

II дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі;

III дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі.

I және II дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалімен офицерлер құрамындағы адамдар марапатталады. Медальдің жоғары дәрежесі - I дәрежелі болып табылады. Марапаттау дәйекті түрде жүргізіледі: II дәрежелі және I дәрежелі.

III дәрежелі "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалімен сарбаздар мен матростар, сержанттар мен старшиналар марапатталады.

3. Медальмен жауынгерлік және кәсіби даярлықтағы, жауынгерлік кезекшілікті атқару, оқу-жаттығуларға қатысу кезіндегі үздік көрсеткіштері үшін, сондай-ақ қызмет өткеру уақытында әскери және қызметтік борышын атқару кезінде сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері марапатталады.

4. "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалімен марапаттау туралы қолдаухаттарды ұсыну және қарау тәртібін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары а й қ ы н д а й д ы .

5. "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалін беруді Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары, әскери бөлімдердің командирлері, оның ішінде мекемелердің, әскери оқу орындарының және жергілікті әскери басқару органдарының б а с т ы қ т а р ы жүргізеді.

6. Әрбір наградталған адамға медальді берген кезде бір уақытта тиісті куәлік б е р і л е д і .

7. "Әскери қызметтегі ерекшелігі үшін" медалі кеуденің сол жақ өңіріне "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" медалінен кейін тағылады, аталған медальға лента жалпы планкада "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" медалінің лентасынан кейін орналасады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы " \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_  
N \_ \_ \_ Ж а р л ы ғ ы н а  
4-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы  
N 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а  
6-4-қосымша

## **"Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалімен марапаттау ережесі**

1. "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалімен қару-жарақ пен әскери техниканы ұдайы жауынгерлік әзірлік күйінде үлгілі ұстағаны үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ басқа да адамдар м а р а п а т т а л а д ы .

3. "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалімен марапаттау туралы қолдау хаттарды ұсыну және қарау тәртібін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары айқындайды. Медальмен қайтадан марапаттау жүргізілмейді.

4. "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалін беруді Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары, әскери бөлімдердің командирлері, оның ішінде мекемелердің, әскери оқу орындарының және жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары ж ү р г і з е д і .

5. Әрбір марапатталған адамға медальді берген кезде бір уақытта тиісті куәлік б е р і л е д і .

6. "Қару-жарақ пен әскери техниканы үлгілі ұстағаны және пайдаланғаны үшін" медалі кеуденің сол жақ өңіріне "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалінен кейін тағылады, аталған медальға лента жалпы планкада "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалінің лентасынан кейін орналасады.